

10 тамыз 2007 жылы
«Досжан темір жолы» АҚ
акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»

_____ Н.Маханов

**«ДОСЖАН ТЕМІР ЖОЛЫ (ДТЖ)» АҚ
ЖАРҒЫСЫНА
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

Алматы қаласы
2007 жыл

1) 10 статьяның 1 пунктінің 4) подпунктііндегі «тіркеушіні» деген сөзден кейін «қоғам» деген сөзбен толықтырылсын;

2) 8 статья:

3 пунктпен төмендегі мәтінде толықтырылсын:

«3. Егер, қоғамның жай акцияларына конвертацияланатын акцияларын немесе өзгеде бағалы қағаздарын бастапқы акционер, оған қоғамның жай акцияларына конвертацияланатын акцияларды немесе бағалы қағаздарды сатып алу үшін өтініш беруге берілетін отыз күннің ішінде ондай өтініш бермесе, онда артықшылық жолымен сатып алу тәртібіне сәйкес, қоғамның жай акцияларына конвертацияланатын акциялар немесе бағалы қағаздарды сатып алудың аталған құқығы жаңа меншік иесіне көшеді.»;

3) 12статьяның 1 пункті :

4-1) подпунктіімен төмендегі мәтінде толықтырылсын:

«4-1) қоғамның бағалы қағаздарын конвертациялау жағдайлары мен тәртібін, сонымен қатар оларға өзгертулер енгізудің жолдарын анықтау;»;

9) подпунктітегі «жыл қорытындысы бойынша» деген сөздер алынып тасталсын ;

14) подпунктітегі «методиканы бекіту» деген сөздер, «методикаға өзгерістер енгізуді бекіту (методиканы бекіту, егер ол құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса) деген сөздермен алмастырылсын»;

4) 17статьяның:

2 пункті төмендегі редакцияда баяндалсын:

«2. Акционерлердің жалпы жиналысының өтетіндігі туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиісті немесе оларға жіберілуге тиісті. Егер акционерлердің саны елу акционерден аспайтын болса, онда әр акционерге ескерту жазбаша хабарлама түрінде жіберілуге тиісті.»;

4 пункт төмендегі мәтінде толықтырылсын:

«4. Миноритарлық акционер, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде қаралатын сұрақтар бойынша шешім қабылдау уақытында, басқа акционерлермен бірігу мақсатында, қоғамның тіркеушісіне ұсыныс беруге құқысы бар.

Миноритарлық акционердің ұсынысын қарау тәртібі және ақпаратты қоғамның басқа акционерлеріне тарату тәртібі, бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізушілермен жасалған келісім шартқа сай белгіленеді.»;

5) 19 статья:

1 пункттің екінші бөлігі мына сөздермен толықтырылсын «немесе осы статьяның 4 пунктіінде бекітілген тәртіпке сәйкес белгіленеді»;

6 пункт төмендегі мәтінде толықтырылсын:

«6. Күн тәртібінде кең мағыналы сөздерді пайдалануға тиым салынады, «әртүрлі», «басқада», «өзгеде» және осылар тектес мағынадағы сөздерді қоса алғанда.»;

6) 20 статья:

2 пункт:

2-1) подпунктімен төмендегі мағынада толықтырылсын:

«2-1) қоғамға аффилицияланғандығы туралы мәліметтер;»;

екінші бөлігі төмендегі мағынада толықтырылсын:

«Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы сұрақ енгізілетін болса, онда материалдарда директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидат қай акционердің өкілі және (немесе) ол қоғамның тәуелсіз директорлығына кандидат па, жоқ па екендігі көрсетілуі керек.»;

4 пункт төмендегі редакцияда баяндалсын:

«4. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтарға қатысты материалдар, акционерлердің танысуы үшін қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде, жиналысты өткізу күнінен 10 (он) күн бұрын дайын болуға тиісті, ал акционерлердің сұранысы болған жағдайда, оларға сұраныс түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде материалдар жіберілуге тиісті, құжаттардың көшірмелерін дайындау және оларды жеткізу шығындары акционердің өз есебінен болады, егер жарғы бойынша өзгеше қаралмаса.»;

7) 28 статьяның 2 пунктінің екінші бөлігі төмендегі мағынада толықтырылсын:

«Егер жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесін (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралса, онда жалпы жиналыстың хаттамасында, сайланған директорлар кеңесінің мүшесі қай акционердің өкілі екендігі және (немесе) сайланған директорлар кеңесі мүшесінің қайсысы тәуелсіз директор екендігі туралы мәліметтер көрсетіледі.»;

8) 29 статьяның 18 подпункті:

18-1) подпунктімен төмендегі мағынада толықтырылсын :

«18-1) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының көлемін және сыйақы төлеу жағдайларын анықтау;»;

7) подпункт төмендегі редакцияда баяндалсын:

«7) аудиторлық мекемелердің қызметіне ақы төлеу көлемін анықтайды, сонымен бірге қоғам акцияларына төлем ақы ретінде берілген мүліктер мен ірі мәмілелерді жасау кезіндегі мүліктердің нарықтық құнын бағалаушылардың қызметіне ақы төлеу көлемін анықтайды;»;

9) подпункт мына сөздермен толықтырылсын «, оның ішінде қоғамның бағалы қағаздарына жазылуды және аукциондар өткізу тәртібі мен жағдайларын анықтайтын ішкі құжаттарды»;

16) подпункт төмендегі редакцияда баяндалсын:

«16) басқа заңды тұлғалардың он және оданда көп пайыз мөлшеріндегі акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) қоғамға сатып алу туралы шешімдер қабылдау, сонымен бірге олардың одан арғы жұмыстары туралы шешімдер қабылдау;»;

9) 33 статьяның 3 пункті төмендегі редакцияда баяндалсын :

«3. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлау тәртібін директорлар кеңесі анықтайды, ал «алтын акциялардың» иелеріне хабарлау тәртібі қоғам жарғысымен анықталады.»;

10) 36 статьяның 2 пункітінің үшінші бөлігі төмендегі мағында толықтырылсын:

«Атқарушы органның басқарушысы, немесе атқарушы органның функцияларын жеке атқарушы тұлға, басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басқарушысы қызметін, немесе атқарушы органның функцияларын жеке тұлға ретінде атқаруға құқылы емес.»;

11) 41 статьяның 2 пункітінің үшінші бөлігі төмендегі мағынада толықтырылсын:

«Қоғамның лауазымды қызметкерлерінің жауапкершіліктері.

1. Қоғамның лауазымды тұлғалары қоғам алдында өздерінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) қоғамға келтірген зияндары үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді, оның ішінде төмендегі себептермен шығынға ұшыратса:

1) алдын ала теріс ақпарат беру арқылы адастырса;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген, ақпараттарды беру тәртібі бұзылса.

2. Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде, лауазымды тұлғаны келтірілген зиянды қалпына келтіру мақсатында сотқа талап арыз беруге құқылы.

3. Қоғамның лауазымды тұлғалары жауапкершіліктен босатылады, егер қоғам органы қабылдаған шешім бойынша зиян келген болса, ал лауазымды тұлға бұл шешімге қарсы дауыс берген болса немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда.»;

12) 47 статья:

3пункітінің екінші бөлігі төмендегі мағынада толықтырылсын:

«Қоғам қызметтік және коммерциялық құпияларға иелік ететін қызметкерлердің тізімін жасауды міндетті түрде қамтамсыз етеді.».

Басқарма төрағасы

Н.Маханов